

осымен түсіндіруге болады.

Гидрогендік процестерге **сутек шығыны** үлкен мағынаға ие. Ол өндірілетін шикізаттың құрамына, тазарған өнімдегі күкірт құрамына (11-кесте), сонымен қатар оның мұнай өніміндегі ерігіштігіне, циркуляцияланатын газдың ұшуына және үрленуіне тәуелді. Газды үрлеуді онда сутек құрамын жоғарылату мақсатымен периодты түрде өткізеді; газдың жартысын үрлейді, ал жүйеге сутектің құрамы жоғары жаңа газды енгізеді.

11-кесте

Жүйедегі қысымның және шикізаттың табиғатына (% мас. шикізатқа) тәуелді сутек шығыны туралы мәліметтер

Сутек	Циркуляцияланған газда сутектің құрамы, %	Шикізатты гидротазарту		Жүйедегі қысымды МПа вакуумды дистилляттің гидрокрекингі		
		Бен-зіндікі	Дизельдік отындікі	5	10	15
Арнайы өндірістікі	96	2/0,6	0,4 / 1	1,2	1,8	4
Каталитикалық риформингтікі	85	2/0,8	0,5 / 1,5	1,6	2,4	5,2

Алымы - мұнайды біріншілікті айдаудан алынған өнім, ал бөлімі - мұнайды екіншілікті өндеу процестерде

Төменде күкіртті мұнайлардан тікелей айдау фракцияларын гидротазартуда сутек шығыны туралы мәліметтер келтірілген (12-кесте).

12-кесте

Күкіртті мұнайлардан тікелей айдау фракцияларын гидротазартуда сутек шығыны туралы мәліметтер

	Фракция		Вакуумды дистиллят (350-500°C)
	бензинді	дизельді	
Шикізаттағы күкірттің құрамы, % (масс.)	0,15-0,3	0,7-2	1,8-2,5
Сутектің жалпы шығыны, (%масс.)			
Барлығы	100	100	100
Гидрогенизатта еруге және ұшуына	67,6	21,4	17,2
Үрлеуге	} 32,4	17,4	16,8
Реакцияларға		61,2	66,0